Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы – № 3 (124)/2018, 130-135 б.
Bulletin of the L.N. Gumilyov Eurasian National University – № 3 (124)/2018, 130-135 pp.
http://bulpedps.enu.kz/; E-mail: vest_pedpsysoc@enu.kz

МРНТИ 14.37.27.

А.Т. Туралбаева [1], Г.К. Фазлыева [2]
«Өрлеу» БАҰО» Алматы облысы бойынша ПҚБАИ Алматы, Қазақстан,
(E-mail: [1] turalbaeva_a@mail.ru)

Біліктілікті арттыру жүйесінде тұлғаның өзін-өзі дамытуының кейбір мәселелері

Аннотация. Біліктілікті арттыру жүйесінің параметрлеріне сай білім алушылардың қазіргі жаңа сипаттағы курстық қызметтерді ұйымдастыруы өзекті мәселелердің бірі. Бұл жүйе бойынша тұлғаның өзін-өзі дамытуы жайлы әрекеттерді ұйымдастырудың мүмкіндігі мол. Бүгінгі таңдағы педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыруды аралас оқу режимі арқылы ұйымдастыру – «Blended learning» қолайлы жағдай туғызатындығы және оның өткізілу кезеңдері қамтылды. Бұл форматты қолдану біліктілікті арттыру жүйесінде халықаралық деңгейде әрекеттесудің құралдарын, формаларын табудың бастамасы бола алады. Тұлғаның өзін-өзі дамытуы, оның құрамдас бөліктері фасилитация, идентификация қызметтері атқарылуы шартты жағдай. Сондықтан біз тұлғаның өзін-өзі дамытуының құрамдас бөлшегі фасилитациялау – қазіргі біліктілікті арттыру жүйесінің негізгі ұстанымдарының бірі екендігін айта келе, фасилитация алгоритмін ұсынып отырмыз.

Түйін сөздер. Біліктілікті арттыру жүйесі, өзін-өзі дамыту, «Blended learning» аралас оқу режимі, фасилитация, фасилитациялау алгоритмі, идентификация.

DOI: https://doi.org/10.32523/2616-6895-2018-124-3-130-135

Бүгінде күрделі және серпінді дамып жатқан әлемнің жаңа сын-тегеуріндері білім алушылар үшін саяси-экономикалық, әлеуметтік және тағы басқа да жағдайларда күрделі әрі тез өзгеретін қазіргі әлемге бейімделу қабілетінің шыңдалуына жол ашады.

Педагогикалық жаңа ойлау мен осы саладағы күнделікті ассоциациялық байланыстардың пайда болу және даму жылдамдығы уақыт кеңістігіндегі талаптарды сәйкесінше атқарып, ұлттың адамзаттық ресурстарын және жасанды интеллектісін дамыту жолында педагогикалық техниканың өрлеуіне әкеліп соқты.

Олай деуге негіз бар: Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, «Қазақстан – 2050» даму стратегиясы, «Интеллектуалды ұлт -2020», «Қазақстан Республикасының 2016-2019 жылдарға арналған білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы» және ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына арналған жыл сайынғы Жолдаулары жүзеге асырылып, білім беру ісінде субъективті идеяларымыздың қолданысқа түсуіне толықтай мүмкіндік беріп отыр.

Мұндай маңызды құжаттардың ішінде, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында: білім беру жүйесінің (11-бап) ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау; жеке адамның шығармашылық, рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін дамыту, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы ой-өрісін байыту» - деп одан әрі дамыту міндеттерін көрсеткен [1].

Бұл тұрғыда адамның даму жағдайындағы ерекше бір мүмкіндігі, ол оның әлеуметтік іс-әрекет аясы, педагогикалық қарым-қатынас және әлеуметтік өзара әрекеттестікте көп индивидтер арасындағы танымдық-білімдік ақпаратты қабылдаушы, қайта өңдеуші, таратушы секілді қызметтерді атқаруында болмақ.

2018 жылдың 10 қаңтарында Н.Ә.Назарбаев өзінің «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Халыққа Жолдауында**: «**Барлық жастағы азаматтарды қамтитын **білім** беру ісінде өзіміздің озық жүйемізді құруды жеделдету қажет» - деп атап көрсетті [2]. Ендеше бұл жолдар білім беру жүйесінің барлық сатыларының тұрақты дамуына септігін тигізері анық.

Білім беру саласындағы мемлекеттік реттеу білім алуға конституциялық құқықтарды іске асыруды қамтамасыз ететін жағдайларды жасауға және білім беру ұйымдары ұсынатын білім беру қызметтерін көрсетудің жоғары сапасын қамтамасыз етуге бағытталып отыр.

Осы орайда, қазіргі заманда әлем дамуының жаңа тенденциялары, экономикалық, әлеуметтік, мәдени өзгерістер педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру жүйесінің осы жағдайларға үнемі бейімделіп отыруын талап етеді.

Ол үшін бізге білім теориялары негіз бола алады. Адамзаттың өзін-өзі дамыту турасында шығыс аймақтарының философиялық жүйелерінде адамның белсенділігі оның тікелей өзіне бағытталғандығымен ерекшеленетіндігіне ерекше назар аударылады. Оларда адам өзін және өз қабілеттерін дамыта отырып, табиғи жүйенің жетілген формасына дейін көтеріледі және адам мен әлем, табиғат заңдылығы мен табиғи ортаның болмысы арасындағы үйлесімділікті сақтай отырып, табиғаттың дамуына өз ықпалын тигізетіндігі айтылады.

Адам мәселесі, оның өмірінің мазмұны және өмірдегі ұстанған бағыт-бағдары ерте заманнан көптеген ойшылдарын толғандырған. Адам туралы айтылған ойлар бастауында Сократ тұрған және ойшылды толық жетілу жолына түскен адам толғандырған. Ондай адамның маңызды белгілері ретінде бойындағы қалыптасқан құндылықтар, мінез-құлық нормалары алынған. Сократ адам, оның жаны, санасы, өмірлік жолын зерттеумен айналыса келе, «Өзіңді өзің таны» деп аталатын тезис қалдырған.

Атап өтсек, шығыстың ұлы ойшылы Әбу Насыр әл-Фараби еңбектерінде тұлғаның өз әрекеті мен оның дамуы жөнінде сана (ойлау) сарқылмайтындығымен сипатталып, ол әлеуеттене отырып, бардың мәнін түсінуге әкеледі деген тұжырым айтылады [].

Көптеген ғалымдардың адамның өзін-өзі дамыту мәселесі аясында педагогикалық, психологиялық тұрғыдан зерттеген еңбектеріне жан-жақты талдау жүргізу барысында «Өзін-өзі дамыту» ұғымына контент-талдауды ұсынамыз.(1-кесте)

1-Кесте

Өзін-өзі дамыту ұғымының контент талдауы

р/с	Ғалымның аты-жөні	Өзін-өзі дамыту ұғымына берген тұжырымдары
1.	Д.И.Фельдштейн	Жеке тұлғаның қалыптасуы – өзін-өзі айқындаудың, өзін-өзі көрсете алудың өзіндік беталысы, болашағы бар дамудың ерекше түрі.
2.	А.А.Бодалев	Адамның өзін-өзі дамытуға деген қажеттілігі мен қабілеті белгілі бір мақсаттарға қол жеткізу барысында жеке тұлғасында сапалық өзгерістер орын алған кезде оңай әрі тез айқындалып, жүзеге асады. Екіншіден, адам белгілі бір бағыттағы саналы іс әрекетке ұмтылып, табанды еңбек етуі барысында өзі үшін жаңа қасиеттерді дамыта алады. Белгілі бір іс-әрекетпен айналысуға деген ұмтылыс өзін-өзі дамыту қажеттілігінің, оған даярлығының көрсеткіші.
3.	Г.И.Метельский	Маман ретінде өзін-өзі дамытуы – оның өз тұлғасы мен іс-әрекетінің алуан жақтарын шынайы қабылдау мен түсінуге түрткі болар рефлексиялық-гностикалық міндеттердің белгілі бір жиынтығын шешу үрдісі.
4.	И.Андреев	Өзін-өзі дамыту үрдісі жеке тұлғаның барлық өріс-түрткілерін (қажеттіліктерін) де, зияткерлікті де, көңіл-күйлік те, еріктікті де қамтиды, ал, ең бастысы, ол (өзін-өзі дамыту үрдісі) «өзіндік» үрдістерге: өзін-өзі тану, шығармашылықпен өзін-өзі айқындау, өзін-өзі басқару, шығармашылықпен өзін-өзі көрсету, өзін-өзі жетілдіру т.б. негізделіп, әрқашан оларды қызмет етудің жаңа деңгейіне көтереді, яғни оларды күшейте түседі.
5.	Л.И.Анцыферова	Жеке адам өзінің ілгері қадам басуының жаңа мақсаттарын, жаңа мінсіздігін, жаңа өлшемдерін өзі жасаған кезде ғана даму шын мәнісінде орын алады.
6.	Б.А.Тұрғынбаева	Тұлғаның өзін-өзі дамытуы – адамның бойындағы бар әл-шамасымен көздеген деңгейінің арасындағы қарама-қайшылықты шешуге бағытталған энергия, психологиялық тетік. Әрекет барысында ол өзін-өзі терең танып, өзінің өзектілігін арттыруға қызмет жасауы арқылы, өзін-өзі дамытатын кеңістік құрайды.

Жаңа білім парадигмасы білім, білік, дағдымен шектелетін білім жүйесін тұлғаның өзін-өзі жүзеге асыру әлеуетімен қамтамасыз ету мақсатына ауысуды болжамдайды. Бұл өз кезегінде білімдік парадигмадан әрекеттік парадигмаға көшуге жол ашады. Бүгінгі күнгі кәсіби білім берудің негізгі мақсаты қатаң белгіленген білім, дағды, икем қоры бар маман емес, керісінше, өз

білімін үздіксіз толықтыруға және тереңдетуге қабілетті, жалпы теориялық және кәсіби деңгейін арттыруға, сыртқы әсерлерге тәуелсіз шешім қабылдауға қабілетті маман тұлғасы. Сондықтан білім беру, бүгінгі күнде: экономиканың және қоғамның жаңа сапасын қалыптастырудың маңызды факторы ретінде, тұлғаның өзін-өзі жетілдіруі, өз ойын білдіру және өзін-өзі танытуы құралы ретінде; нарықтық экономика жағдайында тұлғаның тұрақтылығы, әлеуметтік өзін-өзі қорғауы және бейімделуі ретінде қарастырылады, себебі адам өз қабілеттерін еңбекте, бірінші кезекте – кәсіби еңбекте ашады.

Бұл тұрғыда жаңартылған білім мазмұнының негізгі идеясы - озық экономика білім беру мақсаттарын «білетін адамнан» «шығармашылықпен ойлайтын, әрекет ететін, өзін-өзі дамытатын адамға» ауыстыруды бағыттайды. Қандай жағдаяттар болмасын, адамды өздігінен шешуге ниетінің болуына, өмір сүруге бейімділігінің артуына, өзін-өзі білімдендіру мен өзін-өзі іске қосуға жетелейді.

Бұл тұжырымды Д.Б.Богоявленскаяның «Өзін-өзі дамыту үрдісі жеке тұлғаның барлық өріс-түрткілерін (қажеттіліктерін) де, зияткерлікті де, көңіл-күйлік те, еріктікті де қамтиды, ең бастысы, ол (өзін-өзі дамыту үрдісі) «өзіндік» үрдістерге: өзін-өзі тану, шығармашылықпен өзін-өзі айқындау, өзін-өзі басқару, шығармашылықпен өзін-өзі көрсету, өзін-өзі жетілдіру т.б. негізделіп, әрқашан оларды қызмет етудің жаңа деңгейіне көтереді, яғни оларды күшейте түседі» , деген ойларынан көреміз [3].

Демек, педагог маманның өзін-өзі дамыту әрекетіне көшу жолында оның білімін қайта жетілдіру, біліктілігін арттыру жұмыстарын жүргізу шартты деп есептейміз.

Сондықтан бүгінгі күні жаңартылған білім беру мазмұнын меңгерту мақсатында білім беру мекемелерінің педагог мамандары біліктіліктерді көтеру курстарынан, қысқа мерзімді дайындық курстарынан өткізілуде. Республика бойынша «Өрлеу» Біліктілікті Арттыру Ұлттық Орталықтары білім беру ісінің озық жүйесін құруда өз үлестерін қосып келеді.

Біліктілікті арттыру жүйесіндегі дамытушылық орта – әлеуметтік-мәдени кеңістіктің бір бөлігі, субъектілердің білім жағдайындағы өзара әрекеттесетін аймағы.

Мұндағы педагог қызметкерлердің біліктілігін арттырудағы құрылатын дамытушылық ортаның аспектілері келесідей бола алады:

-кәсіби және тұлғалық әрекеттесу;

-кәсіби және тұлғалық өсу;

-педагогтердегі кәсіби ізденісті және шығармашылықты ынталандыру;

-кәсіби шебер адамдардың өзара ынтымақтасуы.

Білімін жетілдіру кезеңіндегі өзара әрекеттестік арқылы педагог маман білімнің жаңа көзқарасына деген қажеттілікті сезінеді; өзара сенім, сыйластық пен қолайлы жағдайға негізделген, әртүрлі көзқарастар мен өзіндік пікірлерді білдіруге болатын білімдік орта жасауға атсалысады.

Педагог қызметкерлер арасында орта құрудың негізгі қағидалары:

-ұжымдық ойлау әрекеті, ұжым боп ойлау;

-мұғалімнің білімін арттырудағы өз траекториясын анықтап, соның аясында ізденісте болуы; білім мазмұнының мұғалімдердің шығармашылыққа деген сұраныстарына негізделуі;

-білім алу үшін «Өрлеу»БАҰО» тарапынан жағымды педагогикалық-психологиялық ахуалдың болуы;

-ашық пікір, дербес пікір алмасулар мен білім алудағы еріктілік пен еркіндік болады. Бұл қағидалар барысында тәжірибе көрсеткендей, біліктілікті арттыру жүйесінде тұлғаның өзін-өзі дамытудағы әлеуметтік аспектісі субъект-субъектілік педагогикалық әрекеттерді бірлесіп шығармашылықпен ұйымдастыру біліктілігі, өзін-өзі білімдендіруі, өзін-өзі ұйымдастыруы, өзін-өзі шығармашылықпен жүзеге асыруы, кәсіби тұлғалық өсуі бола алады.

Бүгінде біліктілікті арттыру жүйесі бойынша педагог қызметкерлердің білімін жетілдіру жаңа сипатта өз қызметтерін орындау үстінде. Олай дейтініміз, тұлғаның өзін-өзі дамытудағы педагог қызметкерлермен *Blended-learning(аралас оқу режимі)* жүйесінде онлайн-форум, онлайн-кеңес, тыңдаушылардың өз бетімен оқуы сынды ұйымдастыру жұмыстары жүргізіліп, тиімділігін көрсетуде [4].

Аралас оқу режиміндегі ***(«Blended learning»)*** оқу үдерісін ұйымдастыру педагог кадрлар біліктілігін арттыру жүйесіндегі инновациялық үлгіде білім алу үшін қолайлы жағдай туғызады.

Мұндай оқу режиміндегі біліктілікті арттыру курстары 3 кезеңнен тұрады: күндізгі оқу, қашықтықтан *(online),* өз бетімен оқу *(off-line).* Бұл жағдайда тыңдаушылар оқу материалының бір бөлігін күндізгі оқу түрінде, ал қалған бөлігін өз бетінше игереді. Сондықтан бұл форматты қолдану біліктілікті арттыру жүйесінде халықаралық деңгейде әрекеттесудің құралдарын, формаларын табудың бастамасы бола тұра, тұлғаның өзін-өзі іске қосуына үлкен септігін тигізеді.

Жаңаша сипаттағы бұл жүйенің тиімді тұстары:

-білім алушының өзімен, өзгелермен әрекеттесу кеңістігінің аясы кеңейіп, қосымша желілік қауымдастыққа тіркелу т.б. байланыста болуға мүмкіндік береді;

-білім алушыларды өзін-өзі іске қосудың жаңа мүмкіндіктеріне бағыттайды;

-педагог қызметкерлердің өзін жетілдіруге деген ұмтылыстарын түсінуге қолдау көрсетеді;

-білім алуды ұйымдастырып өткізуші;


-білімді бірлесе іздеу мен өз бетінше оқуда жауапкершілік алу үшін білім алушылардың ұйымдасуына көмектеседі;

-оқу мақсаттарына жетуді бағалайтын екі жақ үшін де тиімді критерийлерді бірлесе іздеуге қатыса алады;

-анықталған критерийлерге сәйкес білім алушылардың өзіндік бағалауын дамытуға ықпал етеді.

Педагогтің кәсібилігі – өз шығармашылығын фасилитациялай алуы, ол оның өзіне деген сенімділігінен, кәсіби қызметте өзін-өзі көрсетуінен басталады. Өзін-өзі анықтауы және өзін-өзі рефлемәдениетті маман жасауы арқылы адам өзінің тұлғалық және кәсібилік сапасын көрсете алады, белсенділігін байқатады.

Тұлғаның өзін-өзі дамытуының құрамдас бөлшегі фасилитациялау – қазіргі біліктілікті арттыру жүйесінің негізгі ұстанымдарының бірі. Ендеше біз, фасилитатордың негізгі алгоритмін ұсынамыз(1-суретте). Бұл өз кезегінде тұлғаның өзін-өзі дамытуында маңызды рөл атқарады.



1-сурет — Фасилитациялау алгоритмі

«Фасилитация» ұғымы алғашқы рет қарапайым және белгілі тапсырмаларды табысты орындауға қызықтыру деген мағынаны берсе, қазіргі уақытта педагогикалық мамандар шоғырланған ортада адамның басым реакцияларын күшейту дегенді білдіреді. Ғалым К.Роджерс біліктілікті арттыру үрдісінде мұғалімнің өзін-өзі дамыту жолында шығармашылықпен жасаған жұмысын жарнамалау секілді пайымдай келе, тұлғаны ынталандырудың ең тиімді әдісі деп қорытындылайды [5].

Бұдан шығатын түйін, ғалымдардың тұжырымдарына сүйене келе, тұлғаның кәсіби-шығармашылық жолында өзін-өзі өзектендіре алуы немесе қандай да бір әрекетте адамның даралығы деп түсінеміз.

Біліктілікті арттыру жүйесінде тұлғаның өзін-өзі дамытуының тағы бір құрамдасы рефлексия әрекеті. Рефлексия – тұлғаның өзін-өзі дамыта отырып, кәсібиліктің шыңына жетелейтін әрекет.

Бұл ұғым философияда – индивидтің өз санасындағы өзгерістер туралы ойлану үрдісі деп түсіндіріледі.

Ал педагогикалық әрекеттегі өзін-өзі рефлексиялауды көптеген ғалымдар тұлғаның кәсіби жолындағы өзін өмір сүру әрекетінің субъектісі ретінде танып, өзін-өзі әрекетте басқара алуы деп көрсетеді.

А.С.Огневқа сәйкес, рефлексия пәндік-операционалды шешімін іздеу үдерісінде ой қозғалысын оның құралы және мазмұны тұрғысынан өз ойлау үдерісін бақылауға және саналы түрде реттеуге мүмкіндік береді, ол өз кезегінде педагогикалық қарым-қатынас үдерісіндегі өзараәрекеттестік жағдайының сапалы шешімін шарттастырады [6].

Г.М.Шигабетдинова «рефлексия» түсінігінің әлеуметтік-психологиялық анықтамасын «өзге адам үшін ойлау, өзге адамдар ойларын түсіне білу» деп тұжырым жасайды [7].

Біліктілікті арттыру жүйесінде білім алушылардың өзін-өзі дамыту жағдайында тағы бір маңызды әрекет «идентификацияның» қарастырылуы. Өзін-өзі тану мәселесі тұрғысынан

өзге адаммен идентификация маңызды болып табылады. Идентификация барысында өзгенің сапаларын өзіңе, өзіңнің сапаларыңды өзгеге ауыстыру іске асады. Идентификация үдеріс ретінде әлеуметтенудің басты мазмұны, «субъективті сезім, сонымен қатар жеке өзіндік құрбандық пен үздіксіздік, тұрақтылығы объективті бақылау сапасы», яғни өзіңді белгілі бір әлеуметтік топпен идентификациялау мүмкін болады.

Адамның қоғамдық тұлға ретінде қалыптасуында, оның дамуға деген табиғи қабілеті мен өзіндік белсенділігінің алар орны ерекше. Осыған орай, жаңаша ойлайтын маманды өзгертуге бағытталған біліктілікті арттыру қызметтерінде «өзіндік философияға» негізделген жаңа парадигманың өзектілігінің артуы заңды құбылыс.

Қорыта келгенде, тұлғаның өзін-өзі дамытуы, қарапайымнан күрделіге, нақтыдан абстрактіге қарай өту және бастапқы сапалық жағдайдан жаңа жағдайға қарай қозғалатын күрделі үрдіс; педагогикалық жаңа ойдың пайда болуы; білім алушылардың өз жұмысын фасилитациялауы, рефлемәдениеттілігінің жоғарылауы, идентификациялаушылық үдерісіне қатысуы тұлға бойындағы рухани даму немесе рухани өзгеріске ие болу деп санаймыз. Сонымен бірге әрекет барысында білім алушылардың өзін-өзі терең танып, өзінің өзектілігін арттыруға қызмет жасауы арқылы, өзін-өзі дамытатын кеңістік құрайды деген ой қорытындыға сүйеніп, «Жаппай шеберлер дайындау» идеясын іске асыру болашақтың еншісіне беріледі.

Әдебиеттер тізімі

1. Білім туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III Заңы. ИС BestProfi © 22.04.2016 [Электрон.ресурс]. – URL: http://www.kaznpu.kz/docs/uridicheski_otdel/bilim_turaly.pdf (Қараст. күні: 24.05.2018)
2. Н.Ә.Назарбаевтың 2018 жылғы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Халыққа Жолдауы. Астана, 2018ж. 10 қаңтар [Электрон.ресурс]. – URL: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1800000633(Қараст. күні: 31.05.2018).
3. Богоявленская Д.Б. «Субъект деятельности» в проблематике творчества // Вопросы психологии. – 2007. -№2. -С. 49-53.
4. Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту аясында қазақ тілінде оқытатын мектептердің бастауыш сынып мұғалімдерінің біліктілігін арттыру бағдарламасы // Мұғалімдердің біліктілігін арттыру бағдарламасы. Бірінші басылым. – Алматы: «Полиграф сервис К», 2012. – 316 б.
5. Роджерс К. Взгляд на психотерапию. Становление человека. -М:Прогресс, 1994. -387с.
6. Огнев А.С. Субъектогенетический подход к психологической саморегуляции личности: монография /М.: Изд-во МГГУ им. М.А Шолохова, 2010. - 188 с.
7. Шигабетдинова Г.М. Феномен рефлексии: границы и понятия// Вестник Нижегородского университета им. Н.И. Лобачевского. – 2014. № 2 (1). - С. 415–422.

А.Т. Туралбаева [1], Г.К. Фазлыева [2]
Филиал АО «Национальный Центр Повышения Квалификации «Өрлеу» «Институт повышения квалификации педагогических работников по Алматинской области», Алматы, Казахстан

Некоторые проблемы саморазвития человека в системе профессионального развития

Аннотация. Организация курсов обучающихся в соответствии параметрам системы повышения квалификации одна из актуальных проблем нашего времени. По данной системе много возможностей организации саморазвития личности. Организация повышения квалификации педагогических работников через смешанный режим – «Blended learning», сейчас создает оптимальные условия и охватывает все уровни. Применение данного формата в системе повышения квалификации может быть началом для внедрения новых форм и средств на международном уровне. Данные условия являются благоприятным для саморазвития личности, фасилитации их структурных частей, проведения идентификации функции.

Ключевые слова. Система повышения квалификации, саморазвитие, «Blended learning» режим смешанного обучения, фасилитация, идентификация.

A.T.Turalbayeva [1], G.K. Fazlieva[2]
JSC NCPD «Orleu» «IPD PS in Almaty Region» Almaty, Kazakhstan

Some problems of self-development of the person in the system of professional development

Abstract. Organization of training courses in accordance with the parameters of the system of professional development is one of the urgent problems of our time. According to this system, there are many opportunities for

the organization of the self-development. The organization of professional development of teachers through a mixed regime – «Blended learning», now creates optimal conditions and covers all levels. The application of this format in the system of professional development can be the beginning for the introduction of new forms and means at the international level. These conditions are favorable for the self-development of the individual, the facilitation of their structural parts, the identification of the function.

Keywords. System of professional development, self-development, «Blended learning» mode of mixed learning, facilitation, facilitation algorithm, identification.

References

1. Bilim turaly Kazakstan Respublikasynyn 2007 zhylgy 27 shildedegi № 319-III Zany [Republic of Kazakhstan on education of 27 July 2007] No. 319-III. The IP BestProfi © 22.04.2016. Available at: http://www.kaznpu.kz/docs/uridicheski_otdel/bilim_turaly.pdf (accessed 24.05.2018).
2. N.A. Nazarbaevtyn 2018 zhylgy 10 kantardagy «Tortinshi onerkasiptik revoljucija zhagdajyndagy damudyn zhana mүmkindikteri» atty Halykka Zholdauy [N..Nazarbayev on 10 Jan 2018 «New possibilities of development in the Fourth industrial revolution» to the People] Astana, 2018zh. January 10. Available at: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1800000633(accessed 31.05.2018).
3. D. B. Bogoyavlenskaya «Subekt dejatel'nosti» v problematike tvorchestva [«The subject of activity» in the field of creativity], Voprosy psihologii [questions of psychology], 2 49-53 (2007).
4. Kazakstan Respublikasynda orta bilim mazmunyn zhanartu ajasynda kazak tilinde okytatyn mektepterdin bastauysh synyp mұғalimderinin biliktiligin arttyru bagdarlamasy [Schools with the Kazakh language of education within the framework of updating the content of secondary education of the Republic of Kazakhstan program of training of primary school teachers], Mugalimderdin biliktiligin arttyru bagdarlamasy. Birinshi basylym [programs for professional development of Teachers. First edition]. - Astana, in 2017.
5. Rodgers K. perspective on psychotherapy./ The development of man (Progress, Moscow, 1994).
6. A. Ognev.S. Sub#ektogeneticheskij podhod k psihologicheskoj samoreguljacii lichnosti: monografija [Subjectivistically approach to psychological self-regulation of the personality: monograph] (publishing house of Moscow state mining University them. M. A. Sholokhova,Moscow, 2010).
7. G. M. Shigabetdinov Fenomen refleksii: granicy i ponjatija [The phenomenon of reflection: boundaries and concepts], Vestnik Nizhegorodskogo universiteta im. N. And. Lobachevsky[Bulletin of Nizhny Novgorod University. N.I. Lobachevsky], **1**, (2), (2014).

Авторлар туралы мәлімет:
Туралбаева А.Т. – философия докторы(PhD), басқару және білім сапасы кафедрасының меңгерушісі «Өрлеу» Біліктілікті Арттыру Ұлттық Орталығы» АҚ филиалы Алматы облысы бойынша педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты, Алматы, Қазақстан.
Фазлыева Г.К. – аға оқытушы, «Өрлеу» Біліктілікті Арттыру Ұлттық Орталығы» АҚ филиалы Алматы облысы бойынша педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты, Алматы, Қазақстан.
Turalbayeva A.T. - Doctor(PhD), Department of Management and Quality of Education Branch of joint stock company «National Center for Professional Development «Orleu» «Institute for professional development of Almaty region», Almaty, Kazakhstan.
Fazlieva G.K. - Senior Lecturer, Branch of joint stock company «National Center for Professional Development «Orleu» «Institute For professional development of Almaty region» Almaty, Kazahstan.